

болатындығында болып отыр. Қылмыскердің қалауы, ниеті қайсыбір әрекеттерде әркез көрініс таба бермейді және қылмыскер қылмыстық процесс барысында өзінің шынайы ниеті туралы әркез айта бермейді. Демек, қылмыстық әрекетті жіктеу үшін, тұлғаның қылмыстық-құқықтық әрекетке деген «болжамды» анықталған психикалық қатынасынан басқа, қылмыскердің шындығында не қалағандығы және іс жүзінде не болғандығы туралы болжамды бағасы керек.

«Сот субъект әрекеттерінде қылмыстық құрамның болуын анықтап, оларды кінәлі деп бағалаған кезде, яғни, сотталушыны қасақана немесе абайсыз әрекет еткендігінде айыптаған» жағдайда, шын мәнісінде, кінә соттың пікірі бойынша мемлекет тарапынан теріс (моральдық-саяси) қоғамдық бағаға лайық болып табылатын және сотталушыны қылмыстық жауапкершілікке тартылуын талап ететін жағдайлардың жиынтығы болып табылады. Психикалық қатынастың дәл осындай ұғынылуы «кінәнің бағалау табиғаты» мектебіне тән болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы басым «кінәні психологиялық ұғыну» доктринасы «кінә табиғатының бағалау мектебін» жоққа шығара отырып, өз жалғасында соған келіп тіреледі. Екі тұжырымдаманы да жоққа шығармай-ақ, қылмыстық-құқықтық әрекеттің дұрыс жіктелуі тек оларды қатар үйлестіре пайдалану барысында ғана мүмкін болатындығын көрсетуге болады. Бастысы, субъектінің теріс мінез-құлқының бағасын сот өзінің жеке төрелік қарауы бойынша емес, қолданыстағы заң негізінде белгіленуі керек.

Сот тұлға әрекеттерінде қажетті қорғаныс шектерін асыруды жіктеу туралы мәселені шешкен кезде, тұлғаның өзінің жасаған әрекетке деген қатынасын ескереді, бұл «кінәнің психологиялық табиғатының тұжырымдамасына» негізделеді, сонымен қатар, болған жайтқа берген өз бағасын ескереді, дәл осы тұс «кінәні бағалау ұғыну мектебіне» тән болып табылады. Расында да кінәнің мәні кінәнің «психологиялық» және «бағалау» тұжырымдамаларының өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады, енді «кінәнің аралас табиғаты» туралы сенімді айта беруге болады.

1. Пушечников А. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. Алма-Ата, 1970, 37-б.

2. Сидоров Б.В. Уголовно-правовые гарантии социально-полезного, правомерного поведения. 3. Советское уголовное право. Общая часть: Учебник / Под ред. М.А.Гюльфера, П.И.Гришаева. М., 1972, 152-б.

4. Арямов А.А. Об отдельных освещениях аспекта вины в отечественном уголовном праве / Вопросы совершенствования законодательства и правоприменительной деятельности: Сб. Науч. Тр. Челябинск, 148-б.

5. Ковалев М.И. Понятие преступления в советском уголовном праве. Свердловск, 1987, 99-б.

\*\*\*

The article discusses the problems of training criminal acts on the subjective side

\*\*\*

В статье рассматривается проблемам квалификации уголовно-правовых деяний по субъективной стороны

*М.Ә. Төлеген*

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІ ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ БАҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап құқықтық мемлекет ретінде дамып, азаматтық қоғам институттары одан әрі қолдауға ие болып келеді. Елбасының әрбір халыққа жолдауы мен сөз сөйлеулерінде мемлекеттік дамудың тұрақтылығының негізі болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңның үстемдігін орнату мәселелерімен негізделген [1]. Оларда қылмыстық саясаттың барлық бағыттарының демократизацияланып, тиісінше ондағы ақпараттардың ашықтығы мен тұнықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық саясатты ұйымдастыру деңгейіне қарап қоғамның мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мүдделерін қорғау қабілеті бағаланады. Ал халықтың қатысуынсыз қылмыстылықтың алдын алуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес.

Демократиялық, құқықтық мемлекетте мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ қылмыстылықтың алдын алу саласындағы қызметтерін сынаудың заңи шектерін анықтау, қоғамдық өмірдің мәселелерін халықтың қатысуымен шешу, мемлекеттік органдардың, БАҚ, және қоғамдық ұйымдардың қызметтерін жандандыру да өте маңызды.

БҰҰ –ның экономикалық және әлеуметтік даму департаментінің рейтингі бойынша Қазақстан Республикасы «Электрондық Үкімет» (E-Government) бағдарламасы 2010 жылы ТМД көлемінде ең үздік деп танылды [2]. Бұл мәреде Қазақстан 46 орында, Украина – 54, РФ-59, Беларусь-64 орынды

иеленген. Алғашқы бес орындардағы е-көшбасшылар: Корея, АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Нидерланды.

ICT-Marketing зерттеу компаниясының мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан Республикасында 2009 жылдың қорытындысы бойынша Интернетті пайдаланушылардың саны - 3, 16 млн. құрады, ол жалпы халықтың - 19, 8% құрайды. Бір жылдың ішінде Интернеттік аудитория саны 30% астамға артты. Сонымен қатар, 2010 жылдың 22 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару мекемелерінде ондағы жазасын атқарушыларға интернетте жұмыс жасауға мүмкіндік берілді, яғни жазасын өтеушілердің ақпараттық кеңістікті пайдалануға мүмкіндіктері артты. Бұл өз кезегінде сотталғандардың құқықтық сауатын арттыруға, әлемдік ақпарат жүйесіне енуге кең мүмкіндіктер береді.

Елімізде қылмыстылықты ескерту мен күресу жүйесінде жасалып жатқан түбегейлі өзгерістерге қарамастан қылмыстылық деңгейі әлі де асқақтап, ал криминогендік ахуал әлі де болса онымен күресудегі шаралар кешенін күшейтуді талап етіп отыр. Айталық, қылмыстылық саны 2005 жылы – 146 347 болса, 2006 жылы – 141 271, 2007 жылы – 128 064, 2008 жылы – 127 478, 2009 жылы – 121 667. Қылмыстылық деңгейінің шыңырау шегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1993 жылға келеді, ол жылы қылмыстардың саны 206 000 дейін жеткен болатын. Қылмыстылық деңгейі, әсіресе Алматы қ., Шығыс-Қазақстан облысы мен Қарағанды облыстарында жоғары. Қылмыстардың латенттілік деңгейіне байланысты ресми қылмыстық статистика жасалған барлық қылмыстарды көрсете бермейтіндігін ескерген жөн. Сонымен қатар, бұл статистикалық нәтижелердің құқық қорғау органдарының қызметінің негізгі көрсеткіштері ретінде бағаланатындығын және оларды өздері түзетіндіктерін де естен шығармаған абзал деп ойлаймыз.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерден көріп отырғанымыздай қылмыстардың жалпы саны соңғы жылдарда азайғанымен, оның сапалық көрсеткіштері, яғни ауыр және аса ауыр қылмыстар деңгейі өршіп тұрғандығын байқауға болады. Айуандықпен адам өлтіру, аса қатыгездікпен жасалған зорлық қылмыстарының, нәпсіқұмарлық сипаттағы қылмыстардың саны артып, қылмыстарды жасаудың кәсібилігі мен ұйымдасқан нысандарының көбеюі, сыбайластық сипат алуы халықты алаңдатпай қоймайтындығы белгілі. Қылмыстардың жасалу жағдайы мен тәсілдерін теледидар мен радиохабарлар күнделікті көрермендер мен тыңдармандарға жеткізіп отыр.

Бүгінде адамдардың күнделікті өмірінде бұқаралық ақпараттар құралдары (газет, журнал, теле-радио кешен және т.б.) зор маңызға ие, өйткені ол қоғамда өз орынын табуға және бекінуге, қажетті ақпараттарды алуға, әлеуметтік байланыстарды жасауға және дамытуға көмегін тигізеді, мінез-құлық бағытын анықтауға әсер етеді, жеке тұлғаның кәсіби және өзге де жеке қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Алайда, бұқаралық ақпараттар құралдары – бұл адамдардың санасына үлкен әсер ететін мықты құрал, екіжақты қару, сөз бостандығын теріс пайдалануға жол берілсе, келеңсіз салдарға соқтырады: қоғамдық сананы бұқаралық ақпарат кімнің қолында болса, солардың мүддесіне пайдалану, қоғамның көптеген бөлігіне жалған ұнамдылық, құндылық бағыттарын беру, қажетсіз дау-дамай шығару, немесе керісінше, қандай да бір құбылысқа қатысты үрей туғызу. Сондықтан қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тек моралдық қағидаларға емес, құқықтық қағидаларға негізделген хал-ахуалды туғызу өте маңызды. Бұл ереженің, яғни бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыстар туралы ақпараттарды жариялаудың салдары, ондағы қоғамдық ұйымдар қызметі маңызды зерттеуді талап етіп отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамға қарсы құбылыстың қыр-сырларын қалай объективті жариялағанына, өзектілігін, жеткізу тәсілдерін анықтағанына байланысты қылмыстылықпен күресудің тиімділігі, Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының бағыттарының жүзеге асуы тікелей тәуелді болады.

Аталмыш мәселенің өзектілігі қазіргі замануи техниканың қарыштап дамуының арқасында пайда болған әлемдік «өрмекші торы» – интернеттің жекелеген сайттарындағы аяусыздықты, қантөгісті, зорлық-зомбылықты, анайы тәрбиені насихаттайтын жолдарды ескертумен де өте маңызды. Бұл көрсеткіштер оны қабылдаушы көрермен, тыңдаушы, оқырман, компьютерді пайдаланушы нақты қылмысты жасаудың барлық қыр-сырлары, тәсілдері, оны жасырудың жолдары туралы көрнекті ақпарат алып, жол көрсетуге ие болады. Ал бұл үдеріс өз кезегінде қоғамдағы криминогенді ахуалды одан да ушықтыратындығы хақ.

Профессорлар В.Н. Бурлаков пен Б.В. Волженкиндердің пайымдауынша, қылмыстылықтың алдын алу стратегиясын қылмыстылықтың даму болашағын, жалпы криминологиялық ахуалды бағалауға басқарушылық мүмкіндік беретін және қылмыстылықпен күресудің стратегиялық мақсаттарына жетудің бағыттары, тәсілдері мен шараларын қамтитын криминологиялық категория ретінде анықталады [3, 497 б.].

Қылмыстылықпен күресудің ең маңызды мазмұнды компоненттері, яғни қылмыстылықпен стратегиялық басқарудың мазмұнын құрайды:

- 1) Қылмыстылықпен күресудегі превентивті стратегияны негіздеу;
- 2) Стратегиялық басқаруды нормативтік реттеу;
- 3) Қылмыстылықпен күресудің стратегиясының, сонымен қатар қылмыстылықтың алдын алу стратегиясының аймақтық сипаты;
- 4) Қылмыстылықтың алдын алуға бағытталған ресурстарды интеграциялаудың қажеттігін сезіну және әлеуметтік басқару субъектілерінің іс-әрекеттерін үйлестіру.

Криминологиялық қызметті үйлестірудегі бағыттар:

- 1) Аналитикалық қызмет;
- 2) Кеңесу-сараптамалық қызмет;
- 3) Бақылау қызметі;
- 4) Болжау қызметі;
- 5) Криминологиялық мониторинг – криминологиялық ақпараттарға негізделген қызмет.

2001 жылдың 18 мамырында Алматы қаласында егеменді Қазақстанда бұрын-соңды болмаған қанды оқиға орын алған болатын. Сол күні таңғы 08-25 минутта Фурманов көшесінің бойында «Газель» және «Чероки» машиналарынан жауған оқтардың әсерінен (операция бар-жоғы 9 минут қана уақытты алған) «ТұранӘлем» банкінің 1 инкоссаторы қайтыс болып, 2 инкоссаторы ауыр жарақаттанады. Банктің баспасөз қызметінің хабарлауынша шабуылдаушылардың әрекеттерінің салдарынан 17 665 000 теңге және 196 000 доллар қолды болады. Сол уақыттағы Алматы қалалық ішкі істер басқармасының басшыларының (генерал Қ. Қасымов, министр орынбасары генерал В. Симачев) топшылауынша, бұл мұздай қаруланған, алдын ала дайындалған кәсіпқой кәнігі қылмыскерлердің ғана қолынан келетін залым іс еді [4, 26 б.]. Бұл қанды оқиға бұқаралық ақпарат құралдарында берілген мәліметтер арқылы көпшілік арасында үлкен пікір тудырып, бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыскер туралы нақты шынайы деректер берген адамға – 2 млн доллар., ал құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін (жедел-тергеу тоыбна) – қылмыскерлерді ұстап бергені үшін 5 млн. теңге, сондай-ақ қайтарылған табыстың 5 % беруге уәде берілді. Бұқаралық ақпараттар құралдарында берілген қылмыскерлердің түр-тұлғасы, сыртқы белгілері арқылы және ішкі істер қызметкерлері мен ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің бірлесе қимылдауының арқасында 2 тәулікте сезіктілер анықталып, 1 аптаның ішінде қылмыстық іс толығымен ашылды.

Банк ішінде ақапарат берген адамдар анықталып, осы қылмыстың нәтижесінде техникалық қауіпсіздік күшейтіліп, инкассаторлардың қарулары нығайтылды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Қазақстан Республикасында қылмыстылықтың алдын алу саласында жүргізіліп жатқан реформалардың түпкі мақсаттары: заң құжаттарында гуманизм мен демократияның талаптарын берік сақтау, жеке азаматтардың, әлеуметтік топтар мен бүкіл қоғамдастықтың мүдделерін барынша қорғау мен қолдауға, қылмыстылықпен күресу жүйесінде – қылмыстылықтың алдын алуды негізгі генерациялық бағыт ретінде қалыптастыруға, БАҚ-та қылмыстылық және онымен күресу жағдайы туралы толық әрі ашық ақпараттарды таратуға жағдай жасалған. Бұл жағдайды қалыптастыруға жеке адамдардың азаматтық белсенділігін жоғарылатуда маңызды фактор болып табылатын құқықтық ақпараттанғандық (құлақтанғандық), БАҚ-та жеке адамдардың бостандықтарын жүзеге асыруда құқықтық қамтамасыз ету, тәуелсіз БАҚ пен үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі өз септігін тигізеді.
2. Қылмыстылықтың алдын алудың тиімділігі онымен реактивті-репрессивтік тәсілмен емес, қылмыстардың жасалу себептер кешенін анықтап, олардың алдын алуға негізделген мүдделі түрде мемлекет негізгі басым позицияны сақтау жолымен қоғамдық ұйымдар мен БАҚ, жекелеген азаматтардың құқықтық белсенділігін кешенді түрде арттыру механизмін іске қосқан жағдайда ғана артады.
3. Қазақстанда өз мазмұны бойынша БАҚ азаматтық қоғамның ең маңызды демократиялық институты болып табылуына барлық мүмкіндіктері бар. Қылмыстылықты ескертудегі басқару үдерісіне демократиялық жолмен азаматтардың, қоғамдық ұйымдардың тікелей қатысуын өз ойларын ашық білдіру арқылы қамтамасыз ете отырып, БАҚ азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттегі маңызды қызметті атқарады. БАҚ әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында еркін айтылған азаматтардың ой-пікірлерін сыни көзқараспен жинақтаған қосымша гуманистік бағыт бере отырып, әлеуметтік-саяси шешімдерді дайындау мен оларды өмірде қолдану механизмін байытады.
4. Қазақстан Республикасында соңғы уақыттарда қалыптасқан ақпараттық нарық ақпараттардың еркіндігін біршама шектейді, себебі БАҚ иелері ақпаратты қоғамдық құндылық ретінде емес, барынша қымбатқа сатып, мол пайдаға кенелуге болатын тауарға

айналдырып отыр. Қазіргі уақытта жұмыс жасайтын БАҚ монополизация жағдайында отыр деуге болады, себебі белгілі бір капиталистік, қаржылық-өндірістік топтардың қолына өздерінің экономикалық және саяси мақсаттарына қызмет ететін теле-радиоканалдар, радиоканалдар мен мерзімді басылым баспаханалары шоғырланып, соларға қызмет етеді. «Ақпараттық қауіпсіздікті» немесе басқа себептерді желеу етіп, ақиқатты бүркемелеп, көптеген материалдарды бұрмалауға жол берілу қаупі әлі де жоқ емес.

1. Н.Ә. Назарбаев. «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық серпіліс – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //29.01.2010 ж. «Қазақстан-2030» Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, Юрист, 2006. -112 б. //ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы №858 Жарлығы.//ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚР судьяларының V съезіндегі сөйлеген сөзі. Астана, 18.11.2009.

2. Антончева С. «Высокая скорость, широкий охват. Разработка «электронного правительства» в Казахстане официально признана лучшей на пространстве СНГ (2010 год)». [www.expert.ru](http://www.expert.ru)

3. «Современные проблемы и стратегия борьбы с преступностью» науч. ред. В.Н. Бурлаков, Б.В. Волженкин – СПб: Изд.дом СПб-го университета, Изд-во юрид.фак СПб гос. Университета, 2005, -592 с.

4. Айсберг Марк. «Карты, деньги, чetyре ствола». Газета «Вечерний Алматы» №79 (1128), 2010. с.26.

\*\*\*

The article. of the given thesis is complex investigation of a condition of informational support of preventive activity in struggle against criminality as well as improvement of efficiency of crime prevention.

\*\*\*

В статье автор рассматривает роль СМИ в предупреждении преступности и современное состояние информационного обеспечения предупредительной деятельности в борьбе с преступностью, а также отдельные вопросы повышения эффективности профилактики преступлений.

*Е.Ж. Беисов*

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДАРҒА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық біздің қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады. Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Осыған байланысты елімізде көптеген іс- шаралар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономикаға көшу, инвестициялар тарту процестерін тежейді, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс ықпалын тигізеді, мемлекеттің келешек дамуына елеулі қауіп төндіреді деп көрсетілген [1].

2008 жылдың 6 қарашасында Астана қаласында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумы өтті. Бұл форумда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөз сөйледі. Елбасы өз сөзінде жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет екенін атап кетті [2, 1-2-бет].

«Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай -ақ соларға теңістірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке өзі немесе соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлкікті игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу. Заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлыс жемқорлық жымдасқан немесе сыбайлыс жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлыс жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар» болып табылады [3].

БҰҰ-ның Анықтамалық құжатында «сыбайлас жемқорлық-өз пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» делінген [4].

Қазіргі отандық криминология да сыбайлас жемқорлыққа «мемлекеттік немесе өзгедей қызметкерлердің сатқындығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс» деп анықтама берген [5].

Г. А. Сатаров, М.И. Левин және М.Л. Цирик сыбайлас жемқорлыққа «қызмет бабын пайдақорлық мақсатында теріс пайдалану» деген сипаттама береді [6].

Б. В. Волженкин сыбайлас жемқорлық ұғымына кеңірек түсінік береді: «сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік құбылыс, ол мемлекеттік қызметкердің немесе мемлекеттік функция атқаратын өзге адамдардың өз қызмет жағдайын, лауазымдық беделді және мәртебені өзінің баюы немесе топтың мүддесі үшін пайдалануы нәтижесінде биліктің әлсіреуіне алып келеді» [7].